

## АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

2021 жылдың 26 наурызында А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің П. Чужинев атындағы экономика және құқық институты Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және академик Салық Зиманұлы Зимановтың туғанына 100 жыл толуына орай «Қазақстан Республикасындағы құқық шығармашылығы мен құқық қолдану қызметінің өзекті мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізеді.

Конференцияда келесі секциялар жұмысы жоспарлануда:

1. Салық Зиманұлы Зиманов - ұлы ғалым, педагог, мемлекет және қоғам қайраткері (Салық Зимановтың туғанына 100 жыл толуына орай).

2. Қазақстан Республикасындағы және шет елдердегі құқық шығармашылықтың өзекті мәселелері: одан әрі жетілдірудің тұжырымдамалық тәсілдері.

3. Қазақстан Республикасында және шет елдерде құқық түзуші фактор мәнмәтініндегі құқық қолдану практикасы: теория мен практика мәселелері.

4. Қазақстан Республикасы мен шет елдердің жария құқығын одан әрі жетілдірудің өзекті мәселелері.

5. Қазақстан Республикасы мен шет елдердің жеке құқығын одан әрі жетілдірудің өзекті мәселелері.

6. Қазақстан Республикасы мен шет елдердің сот және құқық қорғау жүйесін конситуциялық бақылауды жетілдірудің өзекті проблемалары.

7. Қазақстан Республикасында және шет елдерде сот ісін жүргізуді цифрландыруды одан әрі жетілдірудің өзекті мәселелері.

8. Қазақстан Республикасында және шет елдерде ТЖ және басқа да карантиндік іс-шаралардың әрекет ету кезеңіндегі еңбек құқықтық қатынастарының ерекшеліктері.

Конференция нәтижелері бойынша ISBN нөмірін бере отырып, материалдар жинағын электронды түрде шығару жоспарлануда.

Конференцияға қатысу үшін Сізден 2021 жылғы 25 ақпанға дейінгі мерзімде А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті П. Чужинев атындағы экономика және құқық институтының поштасына: **eqi.pps.konf2021@mail.ru** баяндаманың бір данасын (белгіленген нысан бойынша) және қажет болған жағдайда бейнеконференцбайланыс режимінде қатысудың техникалық мүмкіндігін растасын.

### МАТЕРИАЛДАРДЫ РЕСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

Көлемі 8 бетке дейін, қарпі – Times New Roman 14, жоларалық интервал – бір, форматы А4, жиектері: жоғарғы, төменгі – 2 см, оң, сол – 2,5 см, абзац шегінісі - 1,25 см.

А4 форматындағы парақтың жоғарғы оң жақ бұрышында автор туралы мәліметтер (толық және дәл) (Т.А.Ж., ұйымы, лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, арнайы атағы) көрсетіледі. Баяндаманың атауы – ортасында бас әріптермен.

Ғылыми дереккөздерге сілтемелерді Пайдаланылған әдебиеттер тізіміне сәйкестік жақшада көрсету керек. Әдебиет негізгі мәтіннің соңында бір жолға шегініспен беріледі. Әрбір көзде жеке нөмір болуы керек. Ғылыми дәрежесі жоқ авторлар үшін баяндамаға ғылыми жетекшінің қолы қойылған рецензияны және жариялауға ұсынысы бар кафедра (бөлім) отырысының хаттамасынан үзіндіні (форматта сканерленген құжат) қоса беру қажет (jpg немесе pdf).

Жарияланған материалдардың шынайылығы үшін редакция жауапты емес, баяндамаларды e-mail-ге жіберу қажет: **eqi.pps.konf2021@mail.ru** және басып шығарылған түрінде әдеттегі поштаға жолдануы тиіс. Файлды электрондық поштамен жіберген кезде хабарламаның тақырыбында міндетті түрде «конференцияға» сөзі көрсетіле отырып, қатысушының аты-жөні болуы тиіс.

Конференцияны ұйымдастыру бойынша ақпараттар мен анықтамаларды мына телефондар арқылы алуға болады: **8(7142) 51-11-53 – жұмыс тел., 87084944050 – А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті П. Чужинов атындағы экономика және құқық институтының директоры Табулденов Әлібек Нұрмағамбетұлы.**

Мекен-жайы: **110000**, Қазақстан Республикасы, Қостанай қ., Байтұрсынов к-сі, 47, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің П. Чужинов атындағы экономика және құқық институты.